Жорабек Жұлдыз Гайфурқызының
«8D02204 – Исламтану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған
«Постисламизм: саяси ислам эволюциясы» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының

АҢДАТПАСЫ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы.

Ұсынылып отырған диссертациялық зерттеу қазіргі жаһандану мен цифрландыру жағдайындағы саяси исламның эволюциялық даму заңдылықтарын, «постисламизм» феноменінің аймақтық ерекшеліктері мен оның Қазақстан қоғамындағы бірегей «жұмсақ моделінің» қалыптасу үдерістерін кешенді исламтанулық тұрғыдан зерттеуге бағытталған.

Диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігі.

Қазіргі заманда саяси ислам көптеген елдердің қоғамдық-саяси өмірінде маңызды рөл атқаруын жалғастырып отыр, сонымен қатар ол сапалық тұрғыдан елеулі өзгерістерге ұшырауда. XX ғасырдың екінші жартысында исламизмнің шарықтау шегінен кейін, қазіргі кезеңде исламистік идеологиялар мен қозғалыстардың трансформациясы байқалады. Мамандардың пікірінше, исламизм терең эволюция кезеңін бастан кешіруде, алайда бұл өзгерістердің табиғаты мен бағыттары жеткілікті деңгейде зерттелмеген.

«Постисламизм» термині исламизмнің бастапқы революциялық серпіні сарқылғаннан кейін оның қандай күйге түсетінін түсінуге бағытталған талпынысты білдіреді. Бірқатар мұсылман қоғамдарында жаңа үрдістер байқалуда: исламистік партиялар мен қозғалыстар өз мақсаттары мен риторикасын қайта қарап, исламдық құндылықтарға адалдықты плюралистік демократия талаптарымен ұштастыруға ұмтылуда.

Постисламизм феноменін зерттеу тек теориялық тұрғыдан ғана емес діни-саяси идеологиялардың эволюциясын түсіну үшін, сонымен қатар практикалық өлшемде де өзекті болып табылады: ол жаһандану мен постсекулярлық жағдайында мұсылман әлеміндегі саяси режимдер мен қоғамдық көңіл-күйдің трансформациясын талдауға мүмкіндік береді.

Диссертация тақырыбының зерттелу деңгейі.

Постисламизм феномені мен саяси исламның трансформациялану үдерісі қазіргі отандық және шетелдік гуманитарлық ғылымдардың назарында тұрған күрделі мәселе болып табылады. Зерттеудің теориялық негізін қалыптастыруда бұл терминді 1996 жылы тұңғыш рет Ирандағы ислам революциясынан кейінгі прагматикалық бетбұрысты сипаттау үшін ғылыми айналымға енгізген әлеуметтанушы А. Баяттың еңбектері іргелі рөл атқарды. Ол постисламизмді исламнан бас тарту емес, діни сенімді жеке құқықтармен, плюрализммен және

модерн талаптарымен ұштастыратын «баламалы модернизм» жобасы ретінде негіздеді.

Отандық контексте постисламизм феномені арнайы әрі кешенді зерттелмегенімен, оның алғышарттары мен теориялық негіздерін түсінуде қазақстандық жетекші ғалымдардың еңбектерінің маңызы зор. Атап айтқанда: Профессор Н.Л. Сейтахметова; А. Муминов; Н.Ж. Байтенова; К.К. Бегалинова; Д. Кенжетай; Б.М. Сатершинов дәстүрлі исламның аксиологиялық мәселелері мен ислам өркениетін динамикалық жүйе ретінде қарастырудың маңызын көрсетті. Сонымен қатар еліміздегі діни ахуал, радикализация, құқықтық үдерістер, қоғамдық сана мен бірегейлік мәселелері А. Сабдин, К.М. Бишманов, А.Д. Құрманалиева, Б. Б. Мейірбаев және С.Ө. Абжалов сияқты зерттеушілердің еңбектерінде көрініс тапқан. Жалпы алғанда, тақырыптың теориялық-тұжырымдамалық базасы ауқымды болғанымен, бірнеше аймақты қатар қамтитын кешенді салыстырмалы-эмпирикалық талдаулар әлі де жеткіліксіз. Бұл диссертациялық зерттеу қалыптасқан ғылыми мектептердің пайымдауларына сүйене отырып, аталған олқылықтардың орнын толтыруды және постисламизмнің мәнін тереңірек ашуды мақсат етеді.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу нысаны – XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы саяси исламның эволюция үдерістері болып табылады.

Диссертациялық жұмыстың зерттеу пәні – қазіргі заманғы саяси ислам (исламизм) феноменінің идеологиялық құрылымы, тарихи даму кезеңдері, трансформациялық механизмдері және оның постисламизмге өту үдерісіндегі ішкі және сыртқы факторлардың өзара байланысы қарастырылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

Саяси ислам эволюциясының бір кезеңі ретінде постисламизм феноменін жан-жақты талдау, оның мәндік белгілерін, пайда болу алғышарттарын және әртүрлі өңірлік контекстердегі формаларының алуан түрлілігін айқындау, сондай-ақ бұл құбылыстың қазіргі діни-саяси дискурстағы маңызын бағалау.

Зерттеу барысында жоғарыда аталған мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** алға қойылды:

- саяси ислам» және «исламизм» ұғымдарының ғылыми-теориялық анықтамаларын жүйелеп, олардың мазмұндық сипатын ашу;
- исламизмнің идеологиялық құрылымының өзекті элементтерін анықтап, оның тарихи даму кезеңдерін қарастыру;
- исламизмнің эволюциясына әсер еткен ішкі және сыртқы (геосаяси, жаһандық) трансформация факторларын айқындау;
- исламизмнен постисламизмге өтуге ықпал ететін негізгі факторларды айқындау.
- ғылыми әдебиетте «постисламизм» ұғымының генезисін зерделеу, әртүрлі зерттеушілер ұсынған негізгі анықтамалар мен интерпретацияларды қарастыру;
- постисламизмді саяси исламның сабақтас концепттерімен салыстыра талдау;

- қазіргі жаһандану мен ақпараттандыру үдерістерінің діни-саяси бірегейліктердің өзгеруіне қалай әсер ететініне ерекше назар аудару;

- постисламистік бетбұрыстың мұсылман қоғамдарының саяси өміріне тигізетін ықпалын талдау;

- әртүрлі елдердегі постисламизмнің көріністері мен нұсқаларын зерттеу.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздері.

Мақсаттар мен міндеттерді жүзеге асыру үшін келесі теориялық және әдістемелік тәсілдер қолданылды:

- әртүрлі елдер мен қозғалыстарды салыстыру мақсатында салыстырмалы-саяси талдау әдісі қолданылды.

- исламизм мен постисламизм идеяларының уақыт ішіндегі эволюциясын қарастыруда тарихи әдіс пайдаланылды.

- діни бірегейліктердің трансформациясын зерттеу үшін әлеуметтанулық тәсіл енгізілді.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы:

- постисламизмді жаһандық діни-саяси феномен ретінде кешенді талдау тәсілінде көрініс табады. Алдыңғы зерттеулерде постисламизм жекелеген кейстермен немесе шектелген аспектілермен қарастырылса, осы диссертациялық жұмыста аталған құбылыс кең географиялық материал негізінде жүйелі әрі салыстырмалы тұрғыдан қарастырылды;

- пәнаралық тәсілдерді қолдануынан көрінеді: постсекуляризм идеялары мен жаһандану теориясы саяси исламды талдау үдерісіне интеграцияланып, діни идеологиялардың трансформациясы мен жаһандық әлеуметтік-мәдени үдерістер арасындағы бұрын назардан тыс қалып келген өзара байланыстарды анықтауға мүмкіндік берді;

- постисламистік трансформацияның аймақтық екі қарама-қарсы үлгісінің динамикалық заңдылықтары айқындалды: алғаш рет мемлекеттік деңгейде толық жүзеге асқан ирандық «исламизм ішіндегі реформа» мен билік транзиті жағдайындағы «төменнен жоғары қарай» бағытталған әлеуметтік қысым моделі мен түріктік АКП билігінің «консервативті демократиядан» «неолибералдық исламизмге» және «мұсылман ұлтшылдығына» қарай прагматикалық ығысу ерекшеліктері салыстырмалы сараланып, олардың статикалық емес, динамикалық құбылыс екені дәлелденді;

- қазіргі ақпараттық қоғамдағы «цифрлық постисламизм» феномені мен діни бірегейліктің жекешелену тетіктері тұжырымдалды: діннің дәстүрлі институционалдық шеңберден шығып, жаңа медиа платформалары (Instagram, TikTok, YouTube) арқылы жеке тұлғаның таңдауына көшуі, яғни жастардың дінді қатаң саяси идеология емес, ыңғайлы өмір салты ретінде қабылдау үдерісі мен виртуалды кеңістіктегі онлайн діндарлықтың қалыптасу тетіктері ашып көрсетілді;

- отандық контекстегі діни-қоғамдық үдерістерді жүйелей келе, қазақстандық постисламизмнің бірегей «жұмсақ моделі» концептуалды түрде негізделді: елімізде ислам факторының мемлекеттік билікке тікелей ықпал етпеуі, діннің қоғамда моральдық-этикалық бағдаршам қызметін атқаруы, халал индустриясының қарқынды дамуы секілді факторлар сараланды.

Қорғауға ұсынылатын ғылыми тұжырымдар:

1. Саяси ислам (исламизм) – діни сенім мен саяси билікті интеграциялауды көздейтін, ислам дінін қоғамдық-саяси институттарды қайта құрудың идеологиялық құралы ретінде қарастыратын күрделі әлеуметтік-саяси феномен. Оның теориялық негіздері дәстүрлі теологиялық қағидалар мен модерндік саяси технологиялардың синтезінен пайда болып, дінді мемлекеттік басқарудың басты заңына айналдыруды мақсат тұтатын тұжырымдамалар жүйесін құрайды.

2. Исламизмнің эволюциясы мен ішкі-сыртқы трансформациясы авторитарлық режимдердің қысымы, әлеуметтік-экономикалық дағдарыстар, жаһандану үдерістері және батыстық геосаяси ықпалдар сияқты факторлардың тікелей әсерінен жүзеге асты. Бұл факторлар радикализация толқындарын тудырып қана қоймай, сонымен бірге саяси исламның идеологиялық шекараларын қайта қарауға мәжбүр етті.

3. Исламизмнің мемлекеттік билікті басып алу немесе орнықтыру жолындағы тәжірибелік сәтсіздіктері, халықтың демократиялық және зайырлы құндылықтарға сұранысы, сондай-ақ қоғамның модернизациялануы саяси исламның дағдарысына әкеп соқты. Бұл жағдай исламизм шеңберінен шығып, дін мен саясаттың өзара қатынасын жаңа деңгейде қарастыратын постисламисттік парадигмаға көшудің объективті алғышарттарын қалыптастырды.

4. Постисламизм саяси исламның тарихи дағдарысы мен энергетикалық әлеуеті сарқылуының заңды нәтижесі болып табылатын, идеологиялық және институционалдық сипаттағы сапалық жаңа эволюциялық кезең. Ол исламнан бас тарту немесе қарапайым секуляризация емес, тар шеңберлі діни риторикадан құқықтар мен бостандықтар тіліне көшуді, зорлық-зомбылық пен абсолютті ақиқатқа монополия орнатудан бас тартып, діни сенімді плюралистік, демократиялық құндылықтармен ұштастыратын «баламалы модернизм» жобасы ретінде сипатталады.

5. Қазіргі жаһандану, постсекуляризм және трансұлттық үдерістер жағдайында саяси исламның трансформациялануы ішкі және сыртқы факторлардың өзара байланысы арқылы айқындалады. Исламдық партиялардың революциялық бағыттан реформаторлық модельдерге көшуі ықпал етсе; сыртқы деңгейде жаһандық нарық капитализмі, ақпараттық ықпал мен геосаяси конъюнктура діни-саяси ұйымдардың прагматикалық компромистерге баруын мәжбүрлейді. Тунистің «Ән-Нахда» партиясының «мұсылман демократиясы» тұжырымдамасына өтуі осы жаһандық заңдылықтың айқын көрінісі.

6. Постисламистік бетбұрыстың аймақтық модельдері статикалық құбылыс емес, олар жергілікті тарихи-саяси үрдіске байланысты динамикалық және

қарама-қарсы сипатқа ие. Иран кейсі – теократиялық мемлекеттік деңгейде толық жүзеге асқан «исламизм ішіндегі реформадан» кейінгі, билік транзиті жағдайындағы «төменнен жоғары қарай» бағытталған әлеуметтік қысым үлгісін көрсетсе; Түркиядағы АКП (Әділет және даму партиясы) тәжірибесі «консервативті демократиядан» біртіндеп « жаңа либералдық исламизмге» және прагматикалық «мұсылман ұлтшылдығына» қарай өзгеретін, саяси конъюнктураға бейімделген икемді тактикалық үлгіні айқындайды.

7. Ақпараттық қоғам мен цифрландыру үдерісі діни бірегейліктің «жекешеленуіне» алып келіп, заманауи «цифрлық постисламизм» (кибер-ислам) феноменін қалыптастырды. Діннің дәстүрлі институционалдық шеңберден шығып, жаңа медиа платформалары (Instagram, TikTok, YouTube) арқылы виртуалды кеңістікке ығысуы жастардың діни санасын өзгертті. Қазіргі кезеңде ислам қатаң саяси-идеологиялық доктрина ретінде емес, жеке тұлғаның таңдауына негізделген ыңғайлы өмір салты, бизнес этикасы, нарық заңдарына бейімделген халал мәдениеті мен тұтынушылық тренд ретінде қабылданады.

8. Қазіргі Қазақстан қоғамында дамып жатқан діни-қоғамдық үдерістер исламистік саяси режимнің күйреуінен туындаған классикалық постисламизмнен өзгешеленіп, өзіндік бірегей «жұмсақ моделімен» сипатталады. Бұл модельдің басты ерекшелігі – ислам факторының мемлекеттік билік пен саяси институттарға тікелей ықпал етпеуі, діннің қоғамдық деңгейде тек моральдық-этикалық, мәдени-рухани бағдаршам қызметін атқаруы және халал индустриясы мен исламдық қаржыландыру сияқты әлеуметтік-экономикалық сегменттерде белсенді көрініс табуы болып табылады.

9. Қазақстандық постисламизм үлгісі – мемлекеттің зайырлылық саясаты, құқықтық реттеу тетіктері мен ұлттық мәдени бақылау шеңберінде қалыптасқан «секулярлы-бейімделген» және «жоғарыдан реттелген» бірегей феномен. Еліміздегі діни ахуалдың эволюциясы радикалды идеологиялардың қоғамдық қолдаудан айырылып, саяси емес діндарлық формаларына ауысуымен айқындалады. Бұл үрдіс мемлекеттің тұрақтылығы мен зайырлы құндылықтарына қайшы келмейтін, дәстүрлі мәдени негіздермен үйлескен прагматикалық діни сананың орнығуына алғышарт жасайды.

Зерттеу нәтижелерінің апробациясы.

Диссертация жұмысының ғылыми нәтижелері ғылыми-практикалық конференцияларда, ғылыми басылымдарда жарияланды. Зерттеу тақырыбы бойынша 8 ғылыми еңбекте көрініс тапты, оның ішінде: 2 мақала Scopus мәліметтер базасында индекстелген ғылыми журналда, 2 мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 3 мақала халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарының жинақтарында жарияланды, оның ішінде 1 мақала шетелдік ғылыми жинақта жарық көрді.

Зерттеу жұмысының талқылануы.

Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Философия және саясаттану факультетінің дінтану және мәдениеттану кафедрасы және философия кафедрасының 2026 жылдың 29 мамырдағы кеңейтілген мәжілісінде (№14 хаттама) талқыланып, қорғауға ұсынылды.

Диссертациялық жұмыстың құрылымы мен көлемі.

Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.